

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

LCR calculations were conducted for 18 banks, its total assets are more than 90% of the assets of the banking system. The basis of calculating the LCR was a conservative estimate, such as volume HQLA and the level of banks outflows.

As seen in Figure 2, on 01.01.2015, the weighted average of the total LCR for the 18 banks is 122%, in tenge is 91% (minimum value – 13%, maximum value – 5120%), in foreign currency is 162% (minimum value – 14%, maximum value – 1308%).

Due to the large disparities in the amounts of assets and liabilities by currency, positions of most banks in LCR by currency are not balanced. In addition, 10 out of 18 banks showed a decline in the value of LCR for 2014, especially banks, in which deposits of legal entities dominate the deposit base, since it installed on the highest churn rate. Inflows banks mainly comprise cash held in accounts with other banks, and operating income from loans to large corporate clients, small and medium businesses as well as individuals. Level 1 assets present almost all the HQLA. This fact demonstrates the conservative approach while maintaining the liquidity of banks, but it may be due to lack of other high-quality and highly liquid instruments with an acceptable yield.

References

1. http://www.nationalbank.kz/cont/publish600921_8867.doc
2. Nikolaou K. Liquidity (risk) concepts: definitions and interactions. // European Central Bank. Working paper series. – February 2009. – № 1008 – 10 p.
3. http://www.afn.kz/attachments/cont/publish672080_8881.pdf
4. <http://www.bis.org/publ/bcbs238.pdf>
5. <http://www.bis.org/publ/bcbs238.htm>
6. <http://www.nationalbank.kz/?docid=1541&switch=russian>
7. <http://www.nationalbank.kz/?docid=667&switch=english>

ОӘК 336.027

КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.М. Дүйсебаев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан

Көптеген мемлекеттерде заңды тұлғалардың табысына салынатын салық (корпоративтік салық) компанияның таза табысынан үйлесімді салық мөлшерлемесімен алынады. Салық салынатын таза табыс жалпы түсім мен өндіріс үдерісі барысында жұмсалған шығындар арасындағы айырма негізінде анықталады. Ал компанияның табысы бөлінетін және бөлінбейтін деген екі бөліктен тұрады. Салық салу барысында бұл бөліктер өз алдына мынадай түрлерге топталады:

1. Классикалық жүйе, компанияның бөлінетін табысына корпоративтік және жеке табыс салығы салынады. Бұл жүйе негізінен Бельгия, Люксембург елдерінде кеңінен тараған.

2. Компания деңгейінде салық салынатын табысты кеміту жүйесі екі нұсқада қолданылады:

- әр түрлі мөлшерлемелер негізінде, әсіресе бөлінетін табысқа салық төмендетілген мөлшерлеменен салынады. Бұл жүйе Португалия, Австрия елдерінде қолданылады;

- бөлінетін табысты салық салудан ішінара босату негізінде. Бұл жүйе Ирландия, Финляндия елдерінде қолданылады.

3. Акционерлер деңгейінде салық салынатын табысты кеміту жүйесі дивидендтер түрінде қолданылады:

- корпоративтік салықтан ұсталған-ұсталмағанына қарамастан, дивидендтерді салықтан ішінара босату;

- салық несиесі немесе импутациялық жүйеде дивиденд жеке табысқа қосылып есептеледі.

4. Бөлінетін табысты салықтан толығымен босату мына деңгейде жүргізіледі:

- компания (Греция, Норвегия);

- акционерлер (Финляндия, Дания).

Салық салу барысында компаниялар резидент және бейрезидент болып бөлінеді.

Корпорациялардың табысына салық салудың импутациялық жүйесі – корпорациялардың табысына қос салық салынуын жою мақсатымен енгізілген. Бельгияда, Ұлыбританияда, Данияда, Ирландияда, Италияда және Францияда қолданылады.

Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығы салықтардың ішіндегі ең күрделісі және салық сомасы жағынан ең ауқымдысы. КТС бюджет түсімдерінің шамамен 27,2 пайызын құрайды.

Салық кодексі қабылданған кезеңге дейін салықтың бұл түрі заңды тұлғалардың табыстарынан алынатын табыс салығы деп аталды. Кейіннен атауы өзгеріп, қысқартылды да, халықаралық стандартқа сәйкес «корпоративтік табыс салығы» деп аталынды. КТС-ны арнаулы салық режимін қолданатындарды қоспағанда, салық салу объектілері бар заңды тұлғалар төлейді [1].

Республикалық бюджеттің негізгі параметрлері жыл сайын өсіммен қалыптасып отырғанын көреміз. Мәселен, кірістер көлемі 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 8,9%-ға өссе, 2014 жылы 2013 жылғыдан 17,1%-ға артты. Яғни, бір қалыпты өсім байқалып отыр. Республикалық бюджет шығындарына келетін болсақ, 2013 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 8,4%, ал 2014 жылы өсім 14,5% болды.

Бұлардан басқа назар аударатын жағдай бюджет тапшылығының 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда 21,9%-ға азаюы. Бұл Мемлекет басшысының «Қазақстан-2050» стратегиясында берген бюджет тапшылығын азайтуға қатысты тапсырмаларының орындалуына бағыт алынғандығын

көрсетеді. Бюджет кірістерінің өсуі негізінен салық түсімдерінің болжанатын ұлғаюымен қамтамасыз етіледі. Салық түсімдері кірістердің негізгі маңызды бөлігін құрайтындықтан осы түсімдердің құрамына келесі 1-кестеде тоқталамыз.

Кесте 1- Мемлекеттік бюджеттегі салық түсімдерінің құрылымы, млн. теңге

I. Кірістер	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Салықтық түсімдер	2934895	2951663	3511723	3813306
Табыс салығы	1 060 545	1 081223	1132344	1 211145
Корпоративтік табыс салығы	1 060 545	1 081223	1132344	1 211 145
Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1 064332	1134757	1482730	1 487 076
Қосылған құн салығы	831 077	886943	1237 031	1 254 733
Акциздер	15 205	25711	33 051	39 035
Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	211122	214 028	203561	182 642
Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2538	3 190	3667	4 143
Ойын бизнесіне салық	4388	4884	5418	6 523
Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	792828	721843	880 038	1 097 587
Кеден төлемдері	773186	704619	863 031	1 078 570
Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар	19641	17224	17 006	19 017

Жоғарыдағы 1-кестеден көргендей корпоративтік табыс салығы түсімі қомақты мөлшерде. Корпоративтік табыс салығының қазіргі жалпы мөлшерлемесі 20%-ды құрайды. Корпоративтік табыс салығының түсімі әлемдік нарықтағы шикізат бағасына тәуелді [2].

Мемлекет басшысы 2012 жылғы 19 ақпандағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Салық кодексінде күрделі, көпқұрамалы міндет – бір мезгілде салық жүйесінің ашықтығын, салық салудағы бейтараптықты, салықтық әкімшілендірудің қарапайымдылығы мен тиімділігін қамтамасыз етіп, экономиканың сапалы дамуы үшін ынталандыру жүйелерін құруды тапсырды.

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен әзірленген жаңа Салық кодексінің жобасын еліміздің басты фискалдық құжаты 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енді.

Жаңа кодекс арқылы енгізілетін ең басты өзгеріс – кезең-кезеңмен корпоративтік табыс салығының (КТС) мөлшерлемесін азайту. Мәселен,

аталған салық түрін 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап – 30 пайыздан 20 пайызға; 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап – 20-дан 17,5 пайызға; ал 2011 жылдың 1 қаңтарынан 15 пайыздық мөлшерлемеге көшірілді. Бұл – жаңа жобаның ең негізгі жаңалығы деуге болады. Осындай жаңартулар арқылы жалпы салықтың салмағын азайтып, елімізде кәсіпкерліктің кең қанат жаюына жол ашпақ. Сондай-ақ басты өзгерістердің тағы біреуі – 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қосылған құн салығының (ҚҚС) мөлшерлемесін 13-тен 12 пайызға төмендетілді. Бұл заңнан мемлекеттің ұтатыны – салық салудың тәртібін жеңілдету нәтижесінде кәсіпкерліктің дамуына серпін береді. Жеке меншік секторға пайдалы жағы – айналымдағы қаржылары салықтан босап, салық есептемесі жеңілдетіледі. Онымен бірге, жеке меншік бизнес те анағұрлым жеңілдетілген салық жүйесімен өмір сүреді. Яғни салық органдарында сағаттап кезек күтпей, уақытының көп бөлігін өз шаруасына бөледі деген сөз. Жаңа жоба салықты әкімшіліктендіру бағытында да жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Өйткені, салық салуды, оның есептелуін және салық төлеудің тәртібін жеңілдету арқылы салық органдарының қызметі жетілдіріледі, ақпараттық жүйелер дамиды. Мұның нәтижесінде, әкімшіліктендіру жүйесі де жаңарады. Салық кодексінің жаңа жобасы қазіргі кезде әлемнің өркениетті елдері қолданып отырған Батыстағы салық жүйесінің барлық жақсы жақтары қамтылған.

Қазіргі кезде кәсіпкерліктің алдында тұрған ең үлкен әкімшілік кедергі - салық есептілігінің шамадан тыс болуы. Бұл бағытта үлкен-үлкен шаралар жүзеге асырылуда. Салықтың негізгі түрлері бойынша салық есептілігі барынша қысқартылды. Жаңа кодексте салық есептілігін берудің біртұтас мерзімі қарастырылып отыр. Яғни салық төлеудің жалпыға ортақ мерзімін бір айға дейін ұзарттық деуге болады. Мәселен, қазір салық төлеушілер әр айдың 20-нан кешіктермей салық туралы есептерін беру міндеттелсе, оны жаңа заңда келесі айдың 25-жұлдызына жылжытты. Онымен қоса, шағын және орта бизнеске арналып корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша аванстық төлемдер шегерілді. Бұл – бизнес жыл сайын салық органдарына келіп, КТС бойынша аванстық төлемдер туралы есеп беруден құтылды деген сөз. Сондай-ақ әкімшілік процедуралар да жеңілдетілді. Тағы бір жаңалық – ҚҚС бойынша бір ғана салық төлеу кезеңі белгіленді. Бұған дейін салық төлеу мерзімі бір ай немесе бір тоқсан болып келсе, енді ол бір тоқсан болып өзгертілді. Бұл әрекеттердің барлығы салық процедураларын жетілдіру үшін жасалып отыр. Мәселен, бұған дейін салық төлеушілер ай сайын ҚҚС бойынша декларация тапсырып келсе, ал келесі жылдан бастап салық декларациясын тек бір тоқсанда ғана тапсыратын болады.

Сонымен Қазақстан Республикасының Салық кодексінің жаңа жобасында баса назар аударылған негізгі ережелері:

1. Салық салу мәселелері бойынша салықтық міндеттемелерді атқару барысында туындайтын айқын емес, нақтыланбаған тұстарды және қайшылықтарды жою бойынша мәселелерді жедел шешетін, сондай-ақ салық төлеуден жалтарудың болуы мүмкін схемасының жолын кесу бойынша Консультациялық кеңес құрылады. Оны Премьер-Министр басқаратын болады.

2.Корпоративтік табыс салығы (КТС) бойынша реформалауда тұжырымдалған тәсілдің мәні – корпоративтік табыс салығының мөлшерлемелерін төмендету, аясы тар салалық жеңілдіктер беруден бас тарту, автоматты түрде берілетін бірыңғай инвестициялық ынталандыруларды жүргізу, залалдар мерзімін ауыстыруды 10 жылға дейін ұзарту, сондай-ақ салық құрылымын жалпы жақсарту болып табылады. 2009 жылдың 1қаңтарынан бастап жаңа Салық кодексі шеңберінде салықтық жүктемелерді, ең алдымен, экономиканың шикізат емес секторы үшін салықтық жүктемелерді едәуір төмендету шаралары атқарылды [3].

Экономиканың барлық кәсіпорындары үшін инвестицияларды жүзеге асыру үшін салық преференциялары көзделген. Атап айтқанда, өндірмейтін секторлар үшін жедел өтеу, мұнай өндірушілер үшін - өтеудің екі есе нормасы көзделген. Шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеу туралы талап алынып тасталады.

Салық салу мәселелері бойынша салықтық міндеттемелерді атқару барысында туындайтын айқын емес, нақтыланбаған тұстарды және қайшылықтарды жою бойынша мәселелерді жедел шешетін, сондай-ақ салық төлеуден жалтарудың болуы мүмкін схемасының жолын кесу бойынша Консультациялық кеңес құрылады.

Қазақстанда КТС мөлшерлемесін төмендету Қазақстандық өндірушілер үшін бәсеке қабілеттілігін арттыру бағытындағы оң қадамдардың бірі. Сонымен қатар бұл кәсіпорындар үшін қосымша қарыз алмай, өздерін негізгі және айналым капиталмен қамтамасыз етуге барынша тиімді тәсіл болады.

Кез келген елдің экономикасының дамуына өндіріс факторларын: табиғи ресурстарды, еңбекті және капиталды территория бойынша орналастыру үлкен әсерін тигізеді. Тарихи әрбір ел кеңестікті белгілі-бір ұлттық немесе ұлт топтарының табиғи игіліктердің орналасуына байланысты бөлісуімен қалыптасқан. Сондықтан да, өндіріс факторларын кеңістікте бірдей орналасуы, елдің экономикалық дамуына да әсерін тигізеді. Міне, осыған байланысты экономикалық реттеудің ерекше бағыттары – салық жүйесіндегі мөлшерлемелерді, салық органдарының қызметкерлерінің қызметтерін реттеу қажет. Ол үшін президентіміздің тапсырмасына сәйкес экономикадағы салық ауыртпашылығын жеңілдету мақсатында жаңа шаралар қабылданып, алдағы уақытта қолданылуда.

Жалпы, қазіргі жаһандану кезеңінде, өз салық жүйемізді түзеу бұл ең дұрыс шешім. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін төмендету мәселесі өз шешімін табуы, қазіргі Қазақстанның алдында тұрған негізгі міндеттер өз шешімін тапты:

- мемлекеттік бюджетке тұрақты баланс жасау;
- инфляцияға қарсы механизмді құру және ел валютасын тұрақтандыру;
- инвестиция ауқымын қамтамасыз ету;
- шаруашылық субъектілердің экономикалық белсенділігін арттыру;

Салық мөлшерлемесін жетілдіру бұл уақыт ағымының талабы. Бұрынғы салық мөлшерлемесі негізінен таза фискалдық принциппен жүргізілсе, салық мөлшерлемесінің 20% болуы бұл болашақтың өркендеуіне негізделген алымға

айналары айқын. Бюджетке түсімнің бірінші жылдары аз түсу мүмкіндігі, алдағы уақыттағы кәсіпкерлік белсенділікпен ақталатындығын ескерсек, бұл мәселе өз шешімін табады деп сене аламын.

Әдебиеттер тізімі

1. Үмбеталиев А.Д., Керімбек Ғ.Е. Салық және салық салу.2 томдық. Оқулық. – Алматы, Экономика, 2011.
2. 2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заң.
3. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 19 ақпан 2012 ж.

УДК 339.97

ОБЕСПЕЧЕНИЕ УСТОЙЧИВОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ НА МИРОВЫХ РЫНКАХ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ 21 ВЕКА

Ж.С. Дюсембинова

Казахский гуманитарно-юридический инновационный
университет, г.Семей, Казахстан

В современных условиях реформирования экономики вопросы обеспечения ее устойчивости выходят на первый план. Становление инновационно ориентированной экономики требует усиленной модернизации промышленной сферы, а также диверсификации производственной деятельности предприятий. В месте с тем масштабная модернизация вызывает рост затрат государственного бюджета, связанных заменой морально устаревшего и физически изношенного оборудования, однако экономическая эффективность таких вложений не всегда приводит к ожидаемому экономическому эффекту. По этой причине в основе промышленной политики государства сегодня должны быть определены приоритетные отрасли, требующие модернизации, и способные в краткосрочном периоде создать мультипликативный эффект для других смежных отраслей народного хозяйства

Однако решение вопроса о приоритетности модернизации отраслей способствует только установлению иерархичности и последовательности выделения финансовых ресурсов, что недостаточно для оптимизации бюджетных расходов. По нашему мнению, не менее значимой является и проблема установления детерминантов устойчивого развития национальной экономики на основе развития ее базовых отраслей.

В целях обоснования значения высокотехнологичных секторов в обеспечении устойчивого развития национальной экономики необходимо рассмотреть существующие подходы к определению термина «устойчивое